

«А2 «МАТТАРГА АРНАЛҒАН ТҮРКЕТ» МЕМЛЕКЕТТІК
КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИАЛЫҚ ЕМЕС
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
БӨЛІМІНІҢ ФИЛИАЛЫНЫҢ ЖЫЛЫОЙ АУДАНЫҚ
ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ БӨЛІМІ
ЗАНДЫ ТУЛҒАНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЙТА ТІРКЕУ
20 21 ж. 06 тауыс ЖОРҒЫНДЫ
БСН 990340004364
№ 137-1945-09-КАД-МА
Басталған тіркелген күні
1999 ж. 24 наурыз

«Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім
бөлімінің «Салтанат» ясли бақшасы» коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ



Атырау облысы
Қаржы басқармасының
2021 жылғы 11 шілдері
№ 121 бұйрығына қосымша

Атырау облысы
Қаржы басқармасының
2021 жылғы 11 шілдері
№ 121 бұйрығымен бекітілген

«Атырау облысы Білім беру басқармасының
Жылыой ауданы білім бөлімінің «Салтанат» ясли бақшасы» коммуналдық
мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. «Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Салтанат» ясли бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорнының ұйымдық – құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорнының құрылтайшысы – Атырау облысы әкімдігі болып табылады (бұдан әрі – Құрылтайшы).

3. Коммуналдық мүлікке билік ету жөнінде уәкілетті орган – «Атырау облысы Қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Уәкілетті орган) болып табылады.

4. Кәсіпорнын басқаруды жүзеге асыратын орган «Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой аудандық білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Басқару органы) болып табылады.

5. Кәсіпорнының атауы: «Атырау облысы Білім беру басқармасының Жылыой ауданы білім бөлімінің «Салтанат» ясли бақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

6. Кәсіпорынның орналасқан жері: 060100, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Жылыой ауданы Құлсары қаласы, Ізтұрған Сариев көшесі, 87 ғимарат;

2. Кәсіпорнының заңдық мәртебесі

7. Кәсіпорнының заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорнының атауы бар бланкілері, мөрі болады.

8. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорны заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

9. Кәсіпорны Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

10. Кәсіпорнымен жасалатын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен өзгеше белгіленбесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған деп есептеледі.

3. Кәсіпорны қызметінің мәні мен мақсаттары

11. Кәсіпорны қызметінің мәні: Бір жастан бастап мектеп жасына дейін жеткенше тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру.

12. Кәсіпорны қызметінің мақсаты: Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандартының негізінде әзірленген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың оқу бағдарламаларын іске асыру болып табылады.

13. Кәсіпорны қойылған мақсаттарын іске асыру үшін қызметтің мынадай түрлерін жүзеге асырады:

- 1) тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- 2) тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттілігі және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- 3) сапалы мектепалды даярлықты қамтамасыз ету;
- 4) тәрбиеленушінің толыққанды дамуын қамтамасыз ету үшін отбасымен өзара іс-қимыл жасау;
- 5) ата-аналарға тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамыту және денсаулығын қорғау бойынша консультативтік және әдістемелік көмек көрсету болып табылады.
- 6) Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет тізіліміне сәйкес жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету.

14. Кәсіпорны осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

15. Кәсіпорнының Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не оның басшысының жарғылық құзыретін бұза отырып, жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі

16. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары іс-әрекет түрлерінің мектеп жасына дейінгі балалар үшін ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының негізінде әзірленеді.

17. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары:

1) балаларды тәрбиелеу, оқыту, дамыту және сауықтыру тұтастығы принциптерін ескере отырып, мектепке дейінгі және бастауыш білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз етеді;

2) әр баланың талабын, бейімділігін, қабілеттілігін, дарындылығын іске асыруға және оның даму ерекшеліктері мен денсаулық жағдайын ескере отырып, дара әдіс негізінде оны бастауыш білім берудің білім беру бағдарламасын меңгеруге даярлауға бағдарланады.

18. Мектепке дейінгі оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламалары оқудың, жазудың, есептеудің және тілдік қатынас тәжірибесінің қарапайым дағдыларын қалыптастырады және бастауыш білім беруді меңгеру үшін бірдей бастапқы жағдайларды жасауды көздейді.

5. Білім беру ұйымдарына қабылдау тәртібі

19. Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызмет) барлық түрлердегі мектепке дейінгі ұйымдар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

20. Балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесіне немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы Қағидаларға 4-қосымшаның 8-тармағында сәйкес құжаттарды ұсынады.

Көрсетілетін қызмет процесінің сипаттамасы, нысаны, мазмұны және нәтижесі енгізілген балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетудің ерекшеліктері ескерілген басқа мәліметтер Қағидалардың 4-қосымшасына сәйкес "Мектепке дейінгі ұйымдарға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында берілген.

Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуге сұранымды қарау мәртебесі туралы ақпарат көрінеді, сондай-ақ балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызметтің нәтижесін алған күні және уақыты көрсетілген хабарлама орналастырылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі осы Қағидаларға 4-қосымшаның 8-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес құжаттарды қабылдауды жүзеге асырады, ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынған жағдайда мектепке дейінгі ұйым мен ата-анасының біреуі немесе баланың заңды өкілі арасында жасалған келісім шарт негізінде көрсетілетін қызметті беруші баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдауды жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 4-қосымшаның 8-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес сәйкес құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда көрсетілетін қызметті беруші балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту жөнінде дәлелді жауап береді.

Портал арқылы жүгінген жағдайда мемлекеттік қызметті көрсетуші құжаттарды түскен күні қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Көрсетілетін қызметті беруші ұсынылған құжаттардың толықтығын 30 минут бойы тексереді. Толық болмаған жағдайда, көрсетілген мерзімде өтінішті қарастырудан бас тарту жөнінде дәлелді жауап дайындайды, ол өтініш берушінің порталдағы "жеке кабинетіне" электронды құжат түрінде жолданады.

Ұсынылған құжаттардың толықтығы анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші электронды сұранымды толтырады және құжаттардың электронды көшірмелерін тіркейді; электронды сұранымды өндегеннен (тексергеннен, тіркеуден) кейін көрсетілетін қызметті алушыға электронды сұранымның мәртебесі, балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі, ЭЦҚ-мен қол қойылған электронды құжат түріндегі балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсетудің нәтижесін – баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдауды немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту жөнінде дәлелді жауап береді.

21. "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингісінің ақпараттық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етеді.

22. Көрсетілетін қызметті беруші келесі себептермен баланы қабылдамайды:

1) өтініш беруші келісім шарт жасау үшін талап етілетін құжаттарды ұсынбаған немесе құжаттардың қолданылу мерзімі өтіп кетсе (баланың денсаулық паспорты және келісім шарт жасалған күннен 3 (үш) күнтізбелік күннен кешіктірмей берілген баланың денсаулық жағдайы туралы анықтама ұсынбауы);

2) талап етілген құжаттарға сәйкес балада мектепке дейінгі ұйымға қабылдау үшін медициналық қарсы көрсетілімдері болса;

3) растайтын құжаттарды ұсынуда өзге де себептердің болуына байланысты.

23. Мектепке дейінгі ұйымдарда тұрақты немесе уақытша болуға құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау оларда бос орындар болған жағдайда жыл бойы жүргізіледі.

24. Балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге келіп түскен шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарастырылады.

Шағым көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінен" портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу (жеткізу, тіркеу, орындау туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) барысында жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Портал арқылы шағымдану тәртібі туралы ақпаратты мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға болады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекен-жайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қарастырылады.

Балаларды қабылдау жөніндегі мемлекеттік қызметті көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

6. Білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі

25. Мектепке дейінгі ұйымдар:

- 1) өз жарғысында белгіленген функциялардың орындалуын;
- 2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының (бұдан әрі - МЖМБС), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарының Үлгілік бағдарламасының толық көлемде іске асырылуын, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамаларымен жүзеге асады.

3) білім беру процесті ұйымдастыруда қолданылатын нысандардың, әдістердің және құралдардың тәрбиеленушілердің жас, психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне, қабілеттеріне, қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне сәйкестігін қамтамасыз етуін.

4) мектепке дейінгі ұйымның штатына кіретін медициналық қызметкерлер тәрбиеленушілерді ағымдық медициналық бақылауды, иммундау және профилактикалық тексерулерді алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетудің аумақтық медициналық ұйымдарымен бірлесіп ұйымдастыруды;

5) мектепке дейінгі ұйым басшысы бекітетін он күндік ас мәзірін құрастыруды;

6) тәрбиеленушілерді теңгерімді тамақтандыру жас ерекшеліктерін, жұмыс тәртібін, оның жиілігін ескеріп, Қазақстан Республикасы халқының санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге және Жарғыға сәйкес айқындалады;

7) тәрбиеленушілерде соның ішінде теңгерімді дұрыс тамақтану мен табиғи және жаңа піскен өнімдерді тұтынуды насихаттау арқылы тамақтану мәдениетін қалыптастыруды;

8) заңнамада белгіленген мерзімде және тәртіпте білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен автоматты түрде ақпараттармен алмасуды және мәліметтерді өзектендіруді;

9) білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен ақпараттық өзара әрекеттесудің регламентін бекітуді қамтамасыз етеді.

26. Мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардағы штат саны "Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы №77 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарына сәйкес белгіленеді.

Педагогтердің штат бірлігі және тарифтеу мектепке дейінгі ұйымдардың ресми сайттарында орналастырылады.

27. Педагог қызметімен айналысуға педагогикалық немесе тиісті бейіні бойынша өзге де кәсіптік білімі бар және тәрбиеленушілерді тәрбиелеу және оқыту, білім беру қызметін әдістемелік қолдау немесе ұйымдастыру бойынша педагогтің кәсіптік қызметін жүзеге асыратын адам жіберіледі.

28. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері кәсіби қызметті жүзеге асыруда МЖМБС-ның талаптарын сақтай отырып, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастырудың жолдары мен түрлерін дербес тандайды.

29. Мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтары "Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 24 ақпандағы № 128 бұйрығына сәйкес жыл сайын медициналық тексеруден өтеді және Қазақстан Республикасының өзгеде заңнамаларымен жүзеге асады.

30. Отбасы мен баланы әлеуметтік-педагогикалық қолдау мақсатында мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалардың ата-аналары үшін мектепке дейінгі ұйымдарда консультациялық пункттер құрылады.

31. Мектепке дейінгі ұйымдарды басқару дара басшылық және алқалық басқару қағидаттарында құрылады. Алқалық басқару нысандары педагогикалық, әдістемелік, қамқоршылық кеңестер болып табылады.

32. Мектепке дейінгі ұйымды тікелей басқаруды басшы жүзеге асырады.

33. Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар немесе заңды өкілдер арасындағы өзара қарым-қатынас баланы мектепке дейінгі ұйымға қабылдаған кезде жасалатын шартпен реттеледі.

34. Білім беру процесінің қатысушылары балалар, ата-аналар немесе заңды өкілдер, педагогтер болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйымдағы білім беру процесі МЖМБС негізінде әзірленген Үлгілік жоспарлар мен Үлгілік бағдарламаға сәйкес жүзеге асырылады, сондай-ақ мектепке дейінгі ұйымның жарғысымен айкындалады.

35. Мектепке дейінгі ұйым тәрбиеленушісінің, ата-аналары мен қызметкерлерінің қарым-қатынасы білім беру процесіне қатысушылардың өзара сыйластығы және жеке ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіге даму еркіндігін ұсынуды ескере отырып, ынтымақтастық негізде құрылады.

36. Мектепке дейінгі ұйымның негізгі құрылымдық бірлігі топ болып табылады. Топтар жас ерекшелігі бір немесе жас ерекшелігі әртүрлі қағидаты бойынша жасақталады.

37. Мектепке дейінгі ұйымдар топтарының толымдылығы "Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 17 тамыздағы № 615 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

38. Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-аналарының (заңды өкілдерінің) мүдделері ескеріле отырып, ерекше білім беруге қажеттілігі бар тәрбиеленушілерді тәрбиелеу мен оқыту төмендегідей қарастырылған:

1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы, оның ішінде қысқартылған немесе жеке оқу бағдарламасы бойынша жас топтарында (үш тәрбиеленушіден артық емес);

2) тәрбие мен оқытудың арнайы оқу бағдарламасы бойынша бұзылыс түрлері негізіндегі арнайы топтарда.

Топта ерекше білім беруге қажеттілігі бар тәрбиеленушілер болған жағдайда топтарды жинақтау осындай бір тәрбиеленушіге тәрбиеленушілердің жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

39. Мектепке дейінгі ұйымдар тәрбиеленушілердің болу уақыты бойынша бөлінеді және мынадай тәртіппен қызмет етеді:

1) толық күн болу;

2) жарты күн болу;

3) тәулік бойы болу.

40. Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, осы Қағидалар мен мектепке дейінгі ұйымдар жарғысын және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

41. Мектепке дейінгі ұйымдар бір жастан бастап 1-сыныпқа қабылдағанға дейін тәрбиеленушілерді тәрбиелеу, оқыту, дамуындағы ауытқуды түзету және әлеуметтік бейімдеу, дамыту және медициналық бақылау, сондай-ақ қарау, бағу және сауықтыру бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысын, мемлекет қаржыландыратын қызмет көрсету көлемін, оның ішінде балаларға инклюзивті білім беруді іске асыру үшін орындауды қамтамасыз етеді.

42. Тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымдарға қабылдау "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1-тармағына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

43. Мектепке дейінгі ұйымдар өз қызметін мынадай кезеңдер бойынша ұйымдастырады:

1) 1 қыркүйек пен 31 мамыр аралығында – оқу жылы ("Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген бағдарламаның мазмұнын меңгеру кезеңі, Қазақстан Республикасының өзге де заңнамаларымен жүзеге асады.

2) 1 маусым мен 31 тамыз аралығында – жазғы сауықтыру кезеңі;

3) мектеп жасына жеткен тәрбиеленушілерді мектепке дейінгі ұйымнан босату жыл сайын 1 тамызға дейін жүзеге асырылады;

4) тәрбиеленушілерді бір жас тобынан басқасына ауыстыру тәрбиеленушінің ағымдағы жылы 1 қыркүйектегі толық жасын ескере отырып, ағымдағы жылғы 1-31 тамыз аралығында жүзеге асырылады.

Мектепалды даярлық сыныптарындағы оқу процесі ағымдағы жылғы 1 қыркүйек пен келесі жылғы 25 мамыр аралығында жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде каникулдар белгіленеді.

44. Мектепке дейінгі ұйымда тәрбиеленушінің орны:

1) тәрбиеленуші ауырып, денсаулық сақтау, білім беру және өзге де ұйымдарда емделген, сауықтырылған, денсаулығын түзеткен және оңалтылған (көрсетілімі бойынша анықтама және қорытынды ұсынған жағдайда);

2) тәрбиеленушінің ата-анасының бірі немесе заңды өкілі тәрбиеленушінің жылына 2 айдан артық емес демалысына жазбаша өтініш ұсынған жағдайда;

3) елді мекенде төтенше жағдай (әлеуметтік, табиғи, техногенді сипаттағы төтенше жағдайлар) енгізілген кезеңде сақталады.

45. Тәрбиеленушілер мектепке дейінгі ұйымдардан:

1) мектепке дейінгі ұйым мен тәрбиеленушінің ата-анасының немесе өзге де заңды өкілінің арасындағы шарттың талаптары бұзылған;

2) тәрбиеленуші бір айдан астам дәлелсіз себеппен және әкімшілікке ескертпей келмеген;

3) дәрігерлік консультациялық комиссия анықтамасының негізінде тәрбиеленушінің келуіне кедергі болатын медициналық қарсы көрсетілімдер болған жағдайларда шығарылады.

46. Ата-аналардан немесе заңды өкілдерден алынатын ай сайынғы төлемақы мөлшері:

1) мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындар ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда және мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушінің жасына қарамастан тамақтануға кететін шығынның 100 пайызын құрайды; жергілікті атқарушы органның шешімі бойынша тәрбиеленушілерді тамақтандыруға кететін шығындар жергілікті бюджеттен ішінара немесе толығымен өтеледі;

2) ерекше білім беруге қажеттілігі бар тәрбиеленушілерге арналған санаторийлік балабақшаларда, мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиеленушілерді күтіп-бағу тегін негізде ұсынылады;

3) мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылғандарды қоспағанда, жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мектепке дейінгі ұйымның құрылтайшысы белгілейді.

47. Түрлеріне, ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдары, оның ішінде жаңадан құрылғандары, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың басшылары және педагогтар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен аттестаттаудан өтеді.

7. Ақылы қызмет көрсету тізбесі

48. Ақылы негізде қызметтер көрсететін білім беру ұйымдарының және білім алушының (тәрбиеленушінің), оның ата-анасының немесе өзге де заңды өкілдердің өзара қатынастары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығына сәйкес шартпен реттеледі.

8. Білім беру ұйымының білім алушыларымен, тәрбиеленушілерімен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қатынастарын рәсімдеу туралы

49. Мектепке дейінгі білім беру ұйымы мен баланың ата-анасы, өзге де заңды өкілдері арасында баланың мектепке дейінгі ұйымда болған кезеңінде тараптардың құқықтары мен міндеттерін, сондай-ақ, тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуға өзара жауапкершілік тетігін белгілей отырып, өзара қарым-қатынасты шартпен реттейді.

9. Кәсіпорнын басқару

50. Құрылтайшы:

1) Кәсіпорнын құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

51. Уәкілетті орган:

1) Кәсіпорнының Жарғысын бекітеді, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) Коммуналдық мүлікті Кәсіпорнына бекітеді;

3) Кәсіпорнының мүлкін пайдалану туралы, оның ішінде оны кепілге, жалға алуға, өтеусіз пайдалануға және сенімгерлікпен басқаруға беру туралы шешімдер қабылдайды;

4) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

52. Басқару органы:

1) Кәсіпорнының бюджетінен қаржыландырылатын қызметінің басым бағыттарын және міндетті жұмыс (қызметтер) көлемін анықтайды;

2) Кәсіпорнының даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерін қарайды, келіседі және бекітеді;

3) Кәсіпорнының даму жоспарларының орындалуын бақылауды және талдауды жүзеге асырады;

4) Кәсіпорнының мүлкін пайдалануға және сақтауға бақылауды қамтамасыз етеді;

5) Кәсіпорны мүлкінің есепке алуды ұйымдастырады, оны тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

6) Кәсіпорнының филиалдармен өкілдіктер құуына келісім береді;

7) жыл сайын Кәсіпорнының еңбек ақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

53. Басқару органы Кәсіпорнының меңгерушісімен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.

54. Кәсіпорнының басшысы меңгеруші болып табылады. Меңгерушіні тағайындау, оны аттестаттаудан өткізу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен жүзеге асырылады.

55. Кәсіпорнының меңгерушісі Кәсіпорнының қаржы-шаруашылық қызметіне және мүлкінің сақталуына дербес жауапты болады.

56. Кәсіпорны меңгерушісі дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және Кәсіпорны қызметінің барлық мәселелерін Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.

57. Кәсіпорны меңгерушісі:

1) Кәсіпорнының атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органдарда білдіреді;

2) қаражаттарды басқарушы болып табылады, шарттар жасасады, сенімхаттар береді, банктік шоттар және өзге де шоттар ашады;

3) өз құзыретінің шегінде Кәсіпорны қызметкерлері орындауға міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді, жаза қолданады;

4) кадрларды іріктеу мен орналастыруды жүзеге асырады, Қазақстан Республикасы қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметкерлерді қабылдау және жұмыстан шығару құқықтарын пайдаланады;

5) Кәсіпорныда мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және санитарлық-гигиеналық нормалар талаптарына сәйкес тәрбие мен білім беру процесін жүзеге асыру үшін жағдай жасайды;

6) балалардың мүдделерін, отбасының қажеттігін қанағаттандыруға бағытталған қосымша қызметтерді ұйымдастырады;

7) баланы Кәсіпорныға қабылдау кезінде, ата-аналарды немесе заңды өкілдерді Жарғымен, оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру және медициналық қызмет көрсету тәртібін реттейтін құжаттармен таныстырады, ата-аналары немесе заңды өкілдерімен шарт жасасады;

8) Кәсіпорныға бекітіліп берілген мүліктің сақталуын және тиімді пайдалануды қамтамасыз етеді;

9) сыбайлас жемқорлықпен қарсы күрес Кәсіпорны меңгерушісінің тікелей міндетінде және сол үшін жеке жауапкершілікте болады;

10) қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

58. Кәсіпорны меңгерушісі жауапты:

1) тәрбиеленушілерінің, қызметкерлерінің құқықтары мен бостандықтарын бұзғаны үшін;

2) өзінің құзыретіне жатқызылған функцияларды орындамағаны үшін;

3) мектепке дейінгі тәрбие және оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты талаптарын бұзғаны үшін;

4) оқу-тәрбие процесі кезінде тәрбиеленушілерінің және қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығы үшін;

5) қаржы-шаруашылық қызметінің жағдайы, оның ішінде материалдық және ақша қаражаттарын мақсатсыз пайдаланғаны үшін;

6) нормативтік құқықтық актілерде және еңбек шартының талаптарында көзделген өзге де талаптарды бұзғаны үшін.

59. Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен Кәсіпорны банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушы тағайындалған жағдайларда, оны басқару бойынша барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.

10. Кәсіпорнының мүлкі

60. Кәсіпорнының мүлкін, құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорнының активтері құрайды.

61. Кәсіпорнының мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорны қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

62. Кәсіпорнының мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктен;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай табыстарды қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

63. Кәсіпорнының жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті, не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

64. Жедел басқару құқығын алу және тоқтату, егер осы бапта өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

65. Жедел басқару мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорны шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік Қазақстан Республикасының заңнамасында меншік құқығын алу үшін белгіленген тәртіппен Кәсіпорнының шаруашылық жүргізуіне түседі.

66. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, мүлікке жедел басқару құқығы, оған қатысты меншік иесі оны Кәсіпорныға бекіту туралы шешім қабылдаған, Кәсіпорнында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

67. Кәсіпорнының негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен айыруға құқығы жоқ.

68. Кәсіпорнының мүлкіне жедел басқару құқығы, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 144, 154, 162 - баптарында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

69. Кәсіпорны осы Жарғының 67 - тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, негізгі құралдарға жататын, өзіне бекітіліп берілген мүлікті иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, дебиторлық берешекті Уәкілетті органның жазбаша келісімімен ғана беруге және есептен шығаруға құқылы.

70. Кәсіпорны оған жедел басқару құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

11. Кәсіпорнының қызметін қаржыландыру

71. Кәсіпорнының қызметі өз табысы және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

72. Кәсіпорны таза табыстың бір бөлігін тиісті бюджетке аударуды корпоративтік табыс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

73. Кәсіпорны өзі өндірген өнімді дербес өткізеді.

74. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Кәсіпорынның жарғысында көзделмеген, қызметті жүзеге асырудан осы кәсіпорын алған табыстар, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру нәтижесінде алынған табыстар Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

75. Мектепке дейінгі ұйымдар мектепке дейінгі ұйым басшысы белгілеген тәртіппен жұмыс күндері және демалыс күндері осы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған және қамтылмаған тәрбиеленушілер үшін білім беру, сауықтыру сипатындағы қосымша ақылы қызметтер көрсетеді. Ақылы қызметтер көрсетуден түскен қаражат мамандарға еңбекақы төлеуге, құралдар сатып алуға, тиісті дамытушы орта құруға бағытталады.

12. Кәсіпорнының жарғылық капиталы

76. Кәсіпорнының жарғылық капиталы меншік иесінінен жарғылық қызметті жүзеге асыру үшін басқаруға алынған мүліктен қалыптасады.

13. Кәсіпорнының есепке алуы мен есептілігі

77. Кәсіпорнының бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің тиісті Басқару органының келісімі бойынша қаржылық есептіліктің ұлттық стандарттарына сәйкес Кәсіпорнының басшысы бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

78. Кәсіпорнының жылдық қаржылық есеп беруі бухгалтерлік теңгерімді, табыстар мен шығындар туралы есепті, ақша қозғалысы туралы есепті, өз капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

14. Кәсіпорнының жауапкершілігі

79. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорны өз міндеттемелері бойынша өзінің билігіндегі ақшамен жауап береді. Осы заңды тұлғаның тарату жағдайларын қоспағанда, қазыналық кәсіпорнының қалған мүлікті алып қоюға жол берілмейді.

80. Жедел басқару құқығындағы Кәсіпорны мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қазыналық кәсіпорнының ақшасы жеткіліксіз болған кезде, оның міндеттемелері бойынша Қазақстан Республикасы немесе әкімшілік-аумақтық бөлініс тиісті бюджет қаражатымен субсидиарлық жауаптылықта болады.

15. Кәсіпорны қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

81. Кәсіпорнының еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын саланы Басқару органы белгілейді.

82. Жедел басқару құқығындағы кәсіпорны жұмыскерлерінің еңбекке ақы төлеу жүйесін "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорны қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысымен белгілейді.

16. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

83. Кәсіпорнының әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

84. Кәсіпорнының жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидасына сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

17. Кәсіпорнын қайта ұйымдастыру және тарату

85. Кәсіпорнын қайта ұйымдастыру және тарату Құрылтайшының шешімі бойынша жүргізіледі.

86. Коммуналдық Кәсіпорнын қайта ұйымдастыруды және таратуды Басқару органы жүзеге асырады.

87. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорнының мүлкін Уәкілетті орган қайта бөледі.

88. Кредит берушілердің талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорнының ақшасы, Кәсіпорнының мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, тиісті бюджеттің табысына есептеледі.

18. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

89. Кәсіпорнының Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың Басқару органының ұсынымы бойынша Уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮЙМЕТ» КӨМІКЕСТІК
 КОРПОРАЦИЯСЫ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМТӨ
 АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ АТЫРАУ ҚОҒАМЫ
 БОЙЫНША ФИДЛАДЫҢҒЫ ЖЫЛЫС АУДАНЫ
 ТІРКЕУ ЖӘНЕ ЖЕР КАДАСТРЫ ІСІ

НӨМІРЛЕНГЕН, ТІГІЛГЕН ЖӘНЕ БЕРІЛГЕН

БАРТЫҒЫ 15

20 21 ж. 06 тауыс

Тігінді және нөмірленді
 бет. Қолы А

